

АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТИ

«БАСТ» акционерлік қоғамы («БАСТ» АҚ)

1. «Уәкілетті органның жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Жарияланған акциялар шығарылымының проспектінің мемлекеттік тіркеуге жан уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауапкершілік көтермейді. Акциялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және қоғам мен орналастырылған акцияларға қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайтын болып табылатындығын растайды.».

1. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

2. Акционерлік қоғамның атауы

мемлекеттік тілде:

- толық – «**БАСТ**» акционерлік қоғамы
- қысқартылған - «**БАСТ**» АҚ
- орыс тілінде:
- толық - *Акционерное общество «БАСТ»*
- қысқартылған – *АО «БАСТ»*
- ағылшын тілінде:
- толық – *Joint Stock Company «BAST»*
- қысқартылған – *JSC «BAST»*

Алдыңғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ өзгертілген күндер

- 2006 жылғы 28 сәуірде «БАСТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі («БА СТ» ЖШС) тіркелді. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу анықтамасы № 19036 -1930-ЖШС;
- 16.08.2013 жылдан бастап «БАСТ» акционерлік қоғамы «БАСТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

- «БАСТ» АҚ (бұдан былай – Қоғам) 2013 жылғы 16 тамызда Қарағанды облысы Әділет департаментінің Қарағанды қалалық Әділет басқармасымен тіркелген. 16.08.2013ж. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу анықтамасы № 5001-1930-01-АҚ.

4. ҚР ҚҚА Басқармасының 28.05.2007ж. №155 қаулысына сәйкес алынып тасталған.

5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсінің нөмірі, электронды поштасы туралы ақпарат

Заңды және нақты мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 100024, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан,

Күнгеі ықшам ауданы, 22-үй

Байланыс телефондары: 7187 741256? 7187 22-12-41(факс)

E-mail: bast2030@mail.ru

6. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері

БСН 060440009840

ЖСК KZ97319R010000430154

БСК АВКZ KZ KX

«БТА Банк» АҚ ЕФ

Кбе 17

2013 жылғы 08 қаңтардағы ҚҚС бойынша куәлік 30001 №0016413

7. Акционерлік қоғамның қызмет түрлері

- мыс рудаларын барлау, өндіру, өңдеу
- сауда-делдалдық қызмет
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлері

8. Акционерлік қоғамға немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктермен берілген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер. Қаржы агенттігі мәртебесін беру туралы мәліметтер

- «БАСТ» АҚ акционерлік қоғамға немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктермен берілген рейтингтері жоқ.
- «БАСТ» АҚ қаржы агенттігі мәртебесіне ие емес.

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және пошталық мекенжайлары

- «БАСТ» АҚ өкілдіктері мен филиалдары жоқ.

10. Сәйкес алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, акционерлік қоғамның аяқталған соңғы үш қаржы жылы ішіндегі қаржылық есептілігінің аудитін жүргізген (жүргізетін) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні)

- 2010 жылы қорытындылар бойынша қаржы - шаруашылық қызмет аудитін аудиторлық компания – «Аудиторская группа «Партнер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізді, ҚР аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға бас мемлекеттік лицензия №00000112, 11.10.2006ж. ҚР Қаржы министрлігімен берілген. «Аудиторская группа «Партнер» ЖШС «Қазақстан Аудиторлар Палатасы» КАБ мүшесі болып табылады.
- 2011 жылғы қорытындылар бойынша қаржы-шаруашылық қызмет аудитін аудиторлық компания – «Аудиторская группа «Партнер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізді, ҚР аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға бас мемлекеттік лицензия №00000112, 09.03.2000ж. ҚР Қаржы министрлігімен берілген. «Аудиторская группа «Партнер» ЖШС «Қазақстан Аудиторлар Палатасы» КАБ мүшесі болып табылады.
- 2012 жылғы қорытындылары бойынша қаржы-шаруашылық қызмет аудитін аудиторлық компания – «Ар-Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізді, ҚР аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға бас мемлекеттік лицензия №МФЮ №0000020, 27.12.1999ж. ҚР Қаржы министрлігімен берілген. «Ар-Аудит» ЖШС «Қазақстан Аудиторлар Палатасы» КАБ мүшесі болып табылады.

Сәйкес алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, сәйкес қызметтер көрсетуге шарт жасалған заң және қаржы мәселелері бойынша кеңес берушілердің толық ресми атауы

- «BCC Invest» АҚ - «БанкЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы, 2013 жылғы 15 тамыздағы кеңес беру қызметтерін көрсету туралы шарт № ЭА/ЛА-05-08/13. «BCC Invest» АҚ 2005 жылғы 17 наурыздан бері «Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің толық мүшесі болып табылады (куәлік сериясы В №154).

Жоғарыда аталған тұлғалармен жасалған шарт бұзылу орын алса, тараптардың қайсысы бұзу туралы бастама көтергендігі туралы ақпаратты көрсетіп, шартты бұзу себебі туралы ақпаратты беру керек.

- 2012 жыны 30 сәуірде «Аудиторская группа «Партнер» аудиторлық қызмет көрсетуге жасалған шарттың мерзімі аяқталды. Қоғам осы компаниямен аудиторлық қызметтер көрсету жөніндегі Келісім шартын ұзартпау жөнінде шешім қабылдады және «Ар-Аудит» ЖШС баға ұсынысы Қоғам үшін өз қызметтерін келісуге боларлықтай болғандықтан «Ар-Аудит» ЖШС Келісім шарт жасасты.

11. Эмитент корпоративті кодексті қабылдаған күн (қабылдау қоғам жарғысымен қарастырылған болса)

- Корпоративті бақару кодексі акционерлердің алғашқы жалпы жиналысымен (жалғыз акционердің шешімімен) бекітіледі.

11-1. Акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтай жиналысы қоғам акцияларды сатып алғанда олардың құнын анықтау әдістемесін бекіткен күн

- Қоғам акцияларды сатып алғанда олардың құнын анықтау әдістемесі «БАСТ» АҚ жалғыз құрылтайшысының 2013 жылғы 16 тамыздағы №1 шешімімен бекітілді.

2. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ (АКЦИОНЕРЛЕРІ)

12. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі

- Директорлар кеңесі мүшелерінің сандық құрамын, мүшелігін е ұсынылған үміткерлерді (тәуелсіз директорды (директорларды) көрсетіп, директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің аты-жөндері, туылған жылдары, қызметін бастаған күндері, сондай-ақ соңғы 3 жылда атқарған, соның ішінде қосарлас атқарған қызметтері, директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі дауыс беруші акциялардың қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы) анықтау акционерлердің бірінші жалпы жиналысымен (жалғыз акционердің шешімімен) Қоғам акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін үзге асырылады.

12-1. Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері (болса)

- Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері қарастырылмаған.

12-2. Тұрақтандырушы банк банкті басқару қызметін атқаратын уәкілетті тұлғаны (уәкілетті тұлғаларды) көрсетеді.

- Қоғам тұрақтандырушы банк емес.

12-3. Ішкі аудит қызметі (болса)

- Өкілетті органға мемлекеттік тікеу үшін проспектіні ұсынған сәтте ішкі аудит қызметінің дербес құрамы бекітілмеді.

13. Акционерлік қоғамның алқалық (дара) атқарушы органы

- Атқарушы органның сандық құрамы, өкілеттіктер мерзімі, басшысы мен мүшелерін (атқарушы органның функцияларын дара атқаратын тұлғаны) сайлау, дауыс беруші акциялардың пайыздық қатынас талаптары мен ықтималдығы, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғам акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін Директорлар кеңесінің бірінші отырысымен жүзеге асырылады.

2013 жылғы 01 желтоқсанда Асаинов Мухтар Кабиденович Қоғамның уәкілетті тұлғасы болып табылады.

| Уәкілетті тұлғаның аты-жөні, туылған жылы | Қазіргі кезде атқарып жүрген және соңғы үш жылда атқарған қызметтері | Акцияларының қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы, (%) | Өкілеттіктері | Қызмет атқара бастаған күні |
|--|---|---|--|-----------------------------|
| Асаинов Мухтар Кабиденович 12.12.1959ж.т. | 2009ж. мамырынан бері «БАСТ» ЖШС директоры | жоқ* | «БАСТ» ЖШС қызметін жалпы басқару | 01.05.2009ж. |
| | 2013 жылы 16 тамыздан бері «БАСТ» Қ А уәкілетті тұлғасы болып табылады. | | Мемлекеттік тіркеу үшін, сондай-ақ Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін атқаруға Қоғамның атынан құжаттарға қол қою, Қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап органдары құрылғанға дейін үшінші тұлғалардың алдында мүддесін таныту | 16.08.2013ж. |

* Қоғам акцияларының шығарылымы тіркелмеген.

Асаинов Мухтар Кабиденович жалғыз құрылтайшының шешімімен (2013 жылы 16 тамыздағы №1 шешім) қайта құрылған акционерлік қоғамның жарғысына, басқа да құжаттарына қол қоюға, сондай-ақ Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін атқаруға, Қоғам органдары құрылғанға дейін үшінші тұлғалардың алдында оның мүддесін танытуға уәкілетті тұлға болып сайланған.

14. Соңғы қаржы жылы ішінде қоғамның осы проспектісінің 12, 13-тармағында аталған тұлғаларға төленетін сыйақы мен жалақының жалпы сомасы, сондай-ақ оларға берілген жеңілдіктер

- Өкілетті тұлға («БАСТ» ЖШС директоры ретінде) М.К. Асаиновқа 2012 жылғы төленген сыйақы мен еңбекақының жалпы сомасы - 1 187 316 теңге.
- 2013 жылдың 11 айы үшін өкілетті тұлға М.К. Асаиновқа төленген сыйақы мен еңбекақының жалпы сомасы - 1 152 896 теңге.
- 2012 жылға және 2013 жылдың 11 айына өкілетті тұлға М.К. Асаиновқа жеңілдіктер берілмеді.

15. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы

1) акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері;

- Қоғамның директорлар кеңесі мен алқалы (дара тұлғалы) атқарушы органы Қоғам акцияларының мемлекеттік тіркеуі жүзеге асырылғаннан кейін қалыптастырылатындықтан, 30.11.2013 жьѐа Қоғамның алғашқы ұйымдық құрылымы мен құрылымдық бөлімшелері қалыптастырылған.



2) акционерлік қоғам қызметкерлерінің, соның ішінде акционерлік қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің жалпы саны;

- 01.12.2013ж. қызметкерлерінің жалпы саны - 6 адам. Филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

3) акционерлік қоғам акцияларына ие акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және орналастырылған акциялардың жалпы санындағы жиынтық үлесі, пайызбен;

- Қоғамда акцияларына ие қызметкерлері жоқ, себебі акциялар шығарылымы тіркелген жоқ.

4) акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер;

01.12.2013 жьѐа көзделген бастапқы ұйымдық құрылым бойынша, Қоғамда құрылымдық бөлімшелердің келесі жетекшілері бар:

Бас бухгалтер (бухгалтерия бөлімінің жетекшісі) - Кубланова Канслу Мухаметғалиевна, 18.08.1955 жылы туылған.

Бас инженер (геология және барлау жұмыстары бөлімінің жетекшісі) – Виноградов Игорь Дмитриевич, 13.11.1966 жылы туылған.

Өндіріс меңгерушісі (өндірістік бөлімнің жетекшісі) - Сиваракша Евгений Сергеевич, 11.06.1986 жылы туылған.

5) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәліметтер

- Филиалдар мен өкілдіктер жоқ.

16. Акционерлік қоғамның құрылтайшылары (акционерлері)

- Қоғамның жалғыз құрылтайшысы – Макашев Мейрам Екпинтаевич, 29.04.1960 жылы туылған.
- әрбіреуінің номиналды құры 1 000 (бір мың) теңгені құрайтын, жалпы сомасы 184 501 546 (жүз сексен төрт миллион бес жүз бір мың бес жүз қырық алты) теңге сомасындағы 184 501 (жүз сексен төрт мың бес жүз бір) дана жай акция ұйымдастырушымен «БАСТ» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінен «БАСТ» Акционерлік Қоғамына қайта құрылуына байланысты алдын ала төленген

17. Акционерлік қоғам ірі акционер болып табылатын немесе ұйымның жарғылық капиталындағы үлестердің он және одан да көп пайызына ие ұйымдар туралы мәліметтер

01.12.2013 жылы Қоғам ірі акционер болып табылмайды және қандай да бір ұйымның жарғылық капиталында он және одан астам пайыздар үлесіне иелік етпейді.

18. Қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат

01.12.2013ж. Қоғам өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарына, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатысқан жоқ.

19. Акционерлік қоғамның басқа аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер

| <i>№</i> | <i>Аты-жөні, туылған жылы</i> | <i>Аффилирленген деп тану үшін негіздер («Акционерлік қоғамдар туралы» заң)</i> | <i>Ескерту</i> | <i>Аффилирлігі туындаған күн</i> |
|--|---|---|------------------------------|--------------------------------------|
| Мейрам Екпінтаевич Макашев (Құрылтайшы) | | | | |
| 1. | Макашева Галия Ермагамбетовна | 64-б. 2-т. | әйелі | 16.08.2013 |
| 2. | Мақаш Бауыржан Мейрамұлы | 64-б. 2-т. | ұлы | 16.08.2013 |
| 3. | Екпінтай Бақытжан Мейрамұлы | 64-б. 2-т. | ұлы | 16.08.2013 |
| 4. | Макашев Биржан Мейрамұлы | 64-б. 2-т. | ұлы | 16.08.2013 |
| 5. | Ерабаева Бану Махметовна | 64-б. 2-т. | анасы | 16.08.2013 |
| 6. | Маженов Мергали Екпінтаевич | 64-б. 2-т. | ағасы/інісі | 16.08.2013 |
| 7. | Макашев Ербол Екпінтаевич | 64-б. 2-т. | ағасы/інісі | 16.08.2013 |
| 8. | Ибраева Рымкеш Екпінтаевна | 64-б. 2-т. | әпкесі/қарындасы | 16.08.2013 |
| | Буршакбаева Бибитай | п.2 ст.64 | әйелінің анасы | 16.08.2013 |
| | Буршакбаев Ермагамбет Кудайбергенович | п.2 ст.64 | әйелінің әкесі | 16.08.2013 |
| | Буршакбаев Мейрам Ермагамбетович | п.2 ст.64 | әйелінің ағасы/інісі | 16.08.2013 |
| | Чортанбаева Мария Ермагамбетовна | п.2 ст.64 | әйелінің әпкесі/қарындасы | 16.08.2013 |
| | Буршакбаева Алия Ермагамбетовна | п.2 ст.64 | әйелінің әпкесі/қарындасы | 16.08.2013 |

| | | | | |
|---|--------------------------------------|------------|------------------------------|------------|
| | Шайжанова Сания Ермагамбетовна | п.2 ст.64 | әйелінің әпкесі/қарындасы | 16.08.2013 |
| Асаинов Мухтар Кабиденович (Уәкілетті тұлға) | | | | |
| 1. | Асаинова Рабига Титановна | 64-б. 2-т. | әйелі | 16.08.2013 |
| 2. | Асаинова Рстай Мухтаровна | 64-б. 2-т. | қызы | 16.08.2013 |
| 3. | Асаинов Ернар Кабиденович | 64-б. 2-т. | ағасы/інісі | 16.08.2013 |
| 4. | Асаинов Ануарбек Кабиденович | 64-б. 2-т. | ағасы/інісі | 16.08.2013 |
| 5. | Асаинов Жанарбек Кабиденович | 64-б. 2-т. | ағасы/інісі | 16.08.2013 |
| 6. | Асаинов Руслан Кабиденович | 64-б. 2-т. | ағасы/інісі | 16.08.2013 |

20. Қоғамның аффилирленген тұлғаларымен жасаған мәмілелері

Жоқ.

3. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

21. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы, акционерлік қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

Қоғам түсті металлургия саласының тау-кен өсіпорны болып табылады. Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан Облысының Атай ауданындағы Мақсұт мыс-никель кен орнын барлаумен айналысуда.

Шығаратын өнімі: тауар кені (орташа құрамы 3-6% Cu) және мыс концентраты (орташа құрамы 8-10% Cu).

Қоғамның қызметі Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар Министрлігімен 26 мамыр 2005 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Мақсұт кен орнында мыс кені мен минералды пигменттерді барлау мен өндіруге жасалған № 1755 Келісім шартының негізінде жүзеге асырылады. Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі жалпы 25 жылды, соның ішінде барлау кезеңі 3 жылды, ал өндіру кезеңі 22 жылды құрайды. Өкілетті органмен барлау кезеңін 31.12.2014 жылға дейін созуға рұқсат беру жөніндегі шешім қабылданды.

Қазақстанның Шығыс, Орталық және Солтүстік өңірлерінің сәйкесінше бейінді компаниялары негізгі бәсекелестер болып табылады:

«Қазцинк» АҚ, мыс, бағалы металдар мен қорғасын шығарылымының қомақты үлесіне ие, ірі интеграцияланған цинк өндіруші. Компанияның негізгі кенорындары Шығыс Қазақстан облысында орналасқан.

«Майкаинзолото» АҚ, құрамында алтыны бар колчеданды -полиметалды кендерді өндіру мен қайта өңдеу бойынша Орталық Қазақстанның жетекші кәсіпорындарының бірі болып табылады.

«Корпорация Қазақмыс» АҚ, Қазақстандағы ірі мыс өндіруші және дүниежүзіндегі көшбасшы мыс өндірушілердің бірі.

«ФМЛ Казахстан» ЖШС, Павлодар облысындағы Май ауданындағы Найманжал алаңында алтын, түсті және сирек металдарды барлау мен өндіру.

22. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар

➤ Оң факторлар:

- Қазақстанның алға бағытталған макроэкономикалық дамуы.
- Мысқа деген сұраныстың артуы.
- Халықаралық деңгейде мыс рудасының бағасының көтерілуі.
- Негізгі тұтынушыларға қатысты Қоғамның ыңғайлы географиялық орналасуы.
- Қоғамның өндірістік инфрақұрылымды жаңартуы және мыс кенін қазу, барлау, өндіру кезінде жаңа технологияларды қолдану

➤ Теріс факторлар:

- Қоғам мүддесін қозғайтын заңнамадағы ықтимал өзгертулер.
- Халықаралық деңгейде мыс рудасына бағаның төмендеуі және оқыс ауытқуы
- мыс рудасын ішкі және сыртқы нарықтарға тасымалдау кезінде қиындықтар туғызатын, Қазақстан Республикасының көлік инфрақұрылымының дамымауы
- Салаларға тән қорлар бойынша болжамдарды анықтауға байланысты белгісіздік және технологиялық тәуекелдер.

23. Қоғамның қолындағы бар лицензиялары (патенттері), олардың жарамдылық мерзімі туралы ақпарат, қоғамның зерттеулерге және әзірлемелерге, соның ішінде қоғам демеуші болған зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындары.

- 01.12.2013 жылға Қоғам келесі мемлекеттік лицензияларға ие:
 - тау өндірісін жобалау мен пайдаланумен байланысты қызметке, 27.05.2010 жылы Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің мемлекеттік энергетикалық бақылау Комитетімен берілген №0003607 Бас Мемлекеттік лицензиясы, лицензияның бірінші рет берілген күні 03.02.2006 ж., №000025. Лицензияның әрекет ету мерзімі 27.05.2015 жылға дейін.
 - минералды шикізатты қайта өңдеумен байланысты қызметке, 27.05.2010 жылы Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің мемлекеттік энергетикалық бақылау Комитетімен берілген №0003608 Бас Мемлекеттік лицензиясы. Лицензияның әрекет ету мерзімі 27.05.2015 жылға дейін.
 - прекурсорларды сақтаумен, сатып алумен, сатумен, қолданумен, жоюмен, тасымалдаумен байланысты қызметке, 14.02.2011 жылы Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігінің есірткі бизнесімен күресу және есірткілерді өңдеуді бақылау Комитетімен 14.02.2016 жылға дейін 5 жыл мерзіміне берілген Р сериялы №00593/11.
 - уларды өндірумен, қайта өңдеумен, сатып алумен, сақтаумен сатумен, қолданумен, жоюмен байланысты қызметке, 20.09.2012 ж Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің өнеркәсіп жөніндегі Комитетімен берілген №12011934. Лицензияның әрекет ету мерзімі 20.09.2017 жылға дейін.
- 01.12.2013 жылы зерттеуге және өңдеуге, соның ішінде Қоғам демеушілік ететін зерттеу талдамаларына жұмсалған шығындар - жоқ.

24. Соңғы екі жыл ішінде немесе акционерлік қоғам нақты қызмет атқарған кезең ішінде таратылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдері және таратылған өнім көлемдеріндегі өзгерістерді талдау

| | Өлш.бірл. | 2011 | 2012 |
|---|-----------|------------|-----------|
| Таратылған өнім (жұмыс, қызмет) көлемі | | | |
| Дайын өнімді таратудан түскен кіріс | | 44 919 000 | 8 649 000 |

- 2011 жылы әжірибелік -эксперименттік өндіру шеңберінде Қоғам 44 919 мың теңге мөлшерінде өнім таратты. 2012 жылы сол кезде өнеркәсіптік өндіру құқығына рұқсат құжаттарының болмауына байланысты Қоғамның таратылған өнім көлемі 8649 мың теңгеге дейін қысқартылды.

25. Қоғамның өз өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру бойынша қызметі

- Тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлемінің 5 және одан өк % үлесіне келетін Қоғам тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) ірі жеткізушілері туралы мәліметтер

| р/б № | Ірі жеткізушінің атауы | Орналасқан жері | Өнім атауы | Барлық жеткізілімдердің жалпы көлеміндегі үлесі (%) |
|-------|-----------------------------------|-----------------|------------------|---|
| 1 | Fuyang Yuanzheng Import&Export Co | КХР | Жабдықтар | 62 |
| 2 | «Шығэнерготрейд» ЖШС | Қазақстан | Электр энергиясы | 8 |

- Өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 5 және одан өк % үлесіне келетін Қоғам тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) ірі тұтынушылары туралы мәліметтер

| р/б № | Ірі тұтынушының атауы | Орналасқан жері | Өнім атауы | Өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнындағы үлесі (%) |
|-------|---------------------------------------|-----------------|-----------------------|---|
| 1 | Fuyang Yuanzheng Import&Export Co Ltd | КХР | Мыс концентраты, руда | 87 |
| 2 | «Гасыр» ЖШС | Қазақстан | руда | 13 |

26. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар

1) мезгілдік сипатты қызметтің түрлері, акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі олардың үлесі

- Қоғамның қызметі мезгілдік сипатқа ие емес.

2) акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттың (жұмыстардың, қызметтердің) импорттық үлесі және таратылатын өнімнің жалпы көлеміндегі акционерлік қоғам экспортқа шығаратын өнімінің (жұмыстарының, қызметтерінің) үлесі

- Қоғам қызметі шикізат (қызмет, жұмыс) импортымен байланысты емес.

Қоғам экспортқа шығаратын өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) таратылатын өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі: Қоғамның өнімдерінің шамамен 85% жуығы экспортқа шығарылады.

3) Акционерлік қоғамның сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер, олардың нәтижелері бойынша қоғам қызметінің тоқтауы немесе өзгеруі, одан ақшалай немесе басқа міндеттерді өндіріп алу орын алуы мүмкін.

- Қоғам нәтижесінде қоғам қызметінің тоқтауы немесе өзгеруі, одан ақшалай немесе басқа міндеттерді өндіріп алу орын алуы мүмкін сот процестеріне қатыспады.

4) соңғы бір жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе соттың акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына тартқан барлық әкімшілік жазалары туралы мәліметтер

- Соңғы жылдар барысында Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік жаза қолданылмады.

б) Тәуекел факторлары

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және биржадан тыс нарығында акциялар бағасына, қоғам акцияларының құнына әсер ететін нарықтағы өнім құнының өзгеруіне әсер ететін тәуекел – мыс рудасына бағасының түсуі. Қоғамның қаржы жағдайы мен қызмет нәтижелері мыс рудасына басым бағаларына байланысты. Мыс шикізатының нарығы ертеден құбылмалылығымен ерекшеленеді. Өнімді өткізу кезінде Қоғамның экспорттық-бағдарланған құнсыздануға байланысты тәуекелдер елеулі төмендейді. Бірақ мыс рудасына қатысты бүгінгі үміттер мен болжамдарға сәйкес мыс рудасы бағасының критикалық төмендеуі неғайбыл.

Инфляциямен, девальвациямен, банктік пайыөлшерлемесімен шартталған тәуекелдер – Қазақстан Республикасындағы экономикалық жағдай соңғы жылдары тұрақты болып қалуда, осыған байланысты инфляциямен, девальвациямен, банктік пайыз мөлшерлемесімен байланысты тәуекелдер өте аз деп болжауға болады. Бірақ осы тәуекел үнемі болады және Қоғамның қызметіне үнемі әсер етеді, себебі кез келген кәсіпорын несие, валюталық, пайыздық, инфляциялық және басқа да қаржы тәуекелдерін басынан өткереді.

Шығарылатын өнімнің бәсеке қабілеттілігімен байланысты тәуекелдер.

Мыс кенінде ~~қа~~ мыс өндіретін компанияның ұқсас өнімдерінен айқы н айырмашылығы жоқ екендігін ескере отырып, Қоғамның бәсекелес қабілетті өнімдеріне байланысты тәуекелдер шамалы.

Елдегі саяси жағдайдың және заңнаманың өзгеруімен байланысты тәуекелдер

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған күннен бастап бір қалыпты саясат жүргізіп келеді, осыған байланысты саяси тәуекел өте аз. Жер қойнауын пайдаланушылардың қызметіне теріс әсер ететін құқықтық саладағы оқыс өзгерістер неғайбыл болса да, ҚР заңнамасындағы, әсіресе, «Жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР заңындағы ықтимал

өзгерістерге қатысты белгілі бір тәуекел дәрежесі бар. Өзгерістердің енгізілуі Қоғамның қызметіне теріс те, оң да әсер етуі мүмкін.

Әлеуметтік факторлармен байланысты тәуекелдер

Көптеген жылдар бойы елдегі саясат әлеуметтік міндеттерді жүйелі шешуге, халықтың жұмыспен қамтылуын және халықтың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етуге бағытталғандықтан әлеуметтік факторларға байланысты тәуекелдердің әсері шамалы. Қоғам өз кезегінде жергілікті мамандарды тартуға және қызметкерлерді қолайлы еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік және кадрлық саясатты дамытуға ниетті.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ

27. Инвестициялары

01.10.2013ж. Қоғам басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялауды жүзеге асырмаған.

Қоғамның инвестициялық портфельді басқару жөніндегі стратегиясы жоқ. Басқа ұйымдардың капиталына қатысқан жоқ.

28. Дебиторлық берешегі

- 01.10.2013ж. эмитенттің алдында қоғам активтерінің баланстық құнының 5 және одан көп % мөлшерінде дебиторлық берешегі бар дебиторлар тізімі

| р/б № | Дебитордың атауы | Дебитордың орналасқан жері | Қысқа мерзімді берешек сомасы | Берешекті өтеу мерзімі (жақын он екі айда өтелетін сомалар тоқсан-тоқсанға бөлінеді) | Активтердің баланстық құнының үлесі, (%) |
|-------|------------------------|----------------------------|-------------------------------|--|--|
| 1 | «Портланд Limited» ЖШС | Екібастұз қ., Қазақстан | 68 712 070 | 34356035 (2014 жылғы 2-тоқсан) 34356035 (2014 жылғы 3-тоқсан) | 15,3 |
| 2 | «Ғасыр» ЖШС | Екібастұз қ., Қазақстан | 31 506 913 | 31 506 913 (2014 жылғы 3-тоқсан) | 7,9 |

29. Активтері

- 01.10.2013ж. құны активтерінің баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын Қоғам мүлкінің тізімі.

| № р/с | Мүліктің атауы | Активтердің теңгерімдік құнындағы үлесі |
|-------|--|---|
| 1 | Ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламасы | 11 |
| 2 | Қысқа мерзімді дебиторлық берешек | 8 |
| 3 | Қорлар | 5 |
| 4 | Басқа да қысқа мерзімді активтер, соның ішінде: | 21 |
| | <i>Берілген қысқа мерзімді алдын ала төлемдер</i> | 21 |

| | | |
|---|---|----|
| 5 | Негізгі қаражаттар, соның ішінде: | 3 |
| | <i>ЭЖЖ 10 КВ, 14,6 км</i> | 13 |
| 6 | Барлау және бағалау активтері | 17 |
| 7 | Басқа да ұзақ мерзімді активтер, соның ішінде: | 9 |
| | <i>Аяқталмаған құрылыс</i> | 9 |

- 01.10.2013 жылы Қоғамның міндеттерін қамтамасыз ету болып табылатын активтер - жоқ.
- 01.10.2013ж. сенімді басқаруға тапсырылған активтер жоқ.

30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер

- 01.10.2013ж. жарғылық капиталы - 184 501 546 (жүз сексен төрт миллион бес жүз бір мың бес жүз қырық алты) теңге.
- 01.10.2013ж. меншікті капиталы - 184 501 546 (жүз сексен төрт миллион бес жүз бір мың бес жүз қырық алты) теңге.

31. Қарыздары

- 01.10.2013ж. Қоғамның облигациялары жоқ.
- 01.10.2013ж. Қоғамның банктік қарыздары мен несие желілері жоқ.

32. Қоғамның негізгі қызметін атқаруымен байланысты кредиторлық берешегі

- 01.10.2013ж. қоғам активтерінің баланстық құнының бес және одан көп мөлшерінде негізгі қызметін атқаруымен байланысты кредиторлық берешегі (жеткізушілердің алдындағы берешек, алынған аванстар)

| р/б № | Кредитордың атауы | Кредитордың орналасқан жері | Қысқа мерзімді берешек сома | Берешекті өтеу мерзімі (жақын он екі айда өтелетін сомалар тоқсан-тоқсанға бөлінеді) | Активтердің баланстық құнының үлесі (%) |
|-------|--|-----------------------------|-----------------------------|---|---|
| 1 | Fuyang Yuanzheng Import & Export Co Ltd, | КХР | 41 041 155 | 20520577,5 (2014ж. 2-тоқсан) 20520577,5 (2014ж. 3-тоқсан) | 9 |
| 2 | Cheriton Finance Limited, | Жаңа Зеландия | 77 710 733 | 25 903 577,6 (2013ж. 4-тоқсан) 25 903 577,6 (2014ж. 1-тоқсан) 25 903 577,6 (2014ж. 2-тоқсан) | 17 |
| 3 | STICHTING RCG NETHERLANDS | Нидерланд | 93 506 900 | 93 506 900 (2014ж. 2-тоқсан) | 21 |
| 4 | Alashankou FEIYUE TRADE CO.LTD | КХР | 40 975 081 | 13 658 360,3 (2013ж. 4-тоқсан) 13 658 360,3 (2014ж. 1-тоқсан) 13 658 360,3 (2014ж. 2-тоқсан) | 9 |

5. ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

- Қоғам қаржы ұйымы емес.

6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗ ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңын қабылдағанға дейін тіркелген қоғам үшін акцияларды шығару)

- Қоғам акцияларын шығару 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңы қабылданғанға дейін тіркелмеді.

7. ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

45. Акциялар туралы мәліметтер

| | |
|---|---|
| 1) жарияланған акциялардың саны, түрлері | 500 000 (бес жүз мың) дана жай акция |
| 2) Құрылтайшылар арасында орналастырылатын (орналастырылған) акциялардың саны, түрі | 184 501 (жүз сексен төрт мың бес жүз бір мың) дана жай акция |
| 3) Құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны | Құрылтайшы төлейтін бір акцияның номиналды құны – 1000 (бір мың) теңге. |
| 4) Артықшылықты акциялар бойынша кепілдік берілген мөлшер | Артықшылықты акциялар қарастырылмаған. |

45-1. Тұрақтандырушы банктің жарияланған акцияларының саны, түрлері, номиналды құны туралы мәліметтер (тұрақтандырушы банк толтырады)

- Қоғам тұрақтандырушы банк емес.

46. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздары

- Айырбасталатын бағалы қағаздар қарастырылмаған.

46-1. Орналастырылған акциялардың санын ұлғайту (қоғам сатып алған акцияларды шегеріп), қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастау

- Қоғам орналастырылған акциялардың мөлшерін (Қоғам сатып алған акцияларды есептемегенде) ұлғайтпады, Қоғамның орналастырған акцияларының бір түрін акцияның екінші түріне ауыстырмады.

47. Төлем агенті туралы мәліметтер

- Төлем агенті жоқ.

48. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәліметтер

Акционерлік қоғамның тікеушісі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 28.10.2011ж. «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамды құруды мақұлдау туралы» қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 01.12.2011ж. №1 құрылтайшы шешімімен «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғам (АО «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі») **Қ**) болып табылады және мекенжайында орналасқан: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141, т. +7 (727) 272-69-40, ф. +7 (727) 272-47-60.

- Қоғам 2013ж 8 қазанда № 01151-АҚ «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ шарт жасасты.

48-1. Акционерлік инвестициялық қор келесіні көрсетеді:

1) акционерлік инвестициялық қор акцияларын сатып алуға өтінімдер беру және орындау талаптары мен тәртібі;

2) акционерлік инвестициялық қордың акцияларын орналастыру және (немесе) сатып алу жөніндегі делдалдарының тізімі (болса), орналасқан жерлері, байланыс телефондарының нөмірлері

- Қоғам акционерлік инвестициялық қор емес.

8. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

49. ҚР ҚҚА Басқармасының 28.11.08ж. №181 қаулысына сәйкес алынып тасталды.

50. Инвесторларға арналған ақпарат

- Бқтимал инвесторлар Қоғам жарғысының көшірмесімен, акциялар шығарылымының проспектімен, осы құжаттарға енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, акцияларды орналастыру нәтижелері туралы есептермен келесі мекенжай бойынша таныса алады: Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Күнгеі ықшам ауданы, 22-үй. Жарғыға сәйкес Қоғамның қызметі туралы негізгі ақпарат «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» басылымдарында жарияланады.

Уәкілетті тұлға
МО

Бас бухгалтер
МО



Асаинов М.К.

Кубланова К.М.

**«БАСТ» АҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛМАҒАН НАРЫҚТА АКЦИЯЛАРДЫ
САТЫП АЛҒАНДА ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Әдістеме «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына, «БАСТ» АҚ (бұдан былай – Қоғам) Жарғысына сәйкес әзірленген және ұйымдастырылмаған нарықта қоғам орналастырылған акцияларын сатып алғанда олардың құнын анықтау әдістемесін белгілейді.
2. Осы Әдістеме Қоғамның жалғыз құрылтайшысының шешімімен бекітілген.
3. Қоғамның қазіргі акционерлері осы Әдістемемен танысуға құқылы.
4. Орналастырылған акциялар акционердің келісімімен Қоғамның бастамасы бойынша кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін басқа мақсаттарда сатып алынады.
5. Қоғам Қазақстан Республикасының валюта заңнамасымен белгіленген талаптарын есепке ала отырып Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын акционерлер үшін белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын акционерлерінен орналастырылған акцияларын сатып алады.

**2-тарау. ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ ҚОҒАМНЫҢ САТЫП
АЛУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ**

1. Қоғамның мүддесін есепке ала отырып және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа ала отырып, Қоғам Басқармасы Қоғамның орналастырылған акцияларын Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау туралы Қоғамның Директорлар кеңесіне өтініш беруге құқылы. Ұйым орайда, Қоғам Басқармасының өтінішіне келесілерді қамтитын акцияларды сатып алу туралы ұсыныс қоса ұсынылуы керек:

- сатып алу қолданылуының негіздеу және Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу мақсаттары;
- Қоғамның сатып алуына ұсынылған Қоғамның орналастырылған акцияларының саны мен түрі;
- орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы немесе сатып алу бағасын анықтау әдістемесі;
- сатып алудың басқа талаптары.

2. Басқарманың өтінішімен келіскен жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Әдістемемен қарастырылған жағдайларда өзі орналастырылған акцияларын сатып алуға құқықсыз.

4. Акциялар сатып алуұсынған Қоғамның орн аластырылған акцияларының саны Қоғам сатып алуға жариялаған акциялар санынан асатын болса, осы акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына пропорционалды түрде сатып алынады.

5. Қоғамның акционерлерінен акцияларды сатып алу пропорция коэффициенті келесідей есептеледі:

$K = A / C$, мұндағы

K – пропорция коэффициенті;

A – Қоғам сатып алуға жариялаған жалпы акциялар саны;

C – сатып алуға ұсынылған, орналастырылған Қоғам акцияларының жалпы саны.

6. Қоғам акционерден сатып алатын акциялардың ақырғы саны акционер сатып алуға ұсынған акциялар санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі. Жоғарыдағы есепті қолдану нәтижелері бойынша Қоғам акционерден сатып алатын акциялар саны акциялардың бүтін санына тең болмаса, Қоғам осындай акционерден сатып алатын акциялар саны аз не көп жаққа қарай дөңгелектенеді.

7. Қоғамның өзі орналастырған акцияларды сатып алу Қоғам акционердің жеке басын, оның әрекет ету қабілетін, оған меншік құқығында тиесілі Қоғам акцияларының санын қуандырғаннан, тараптар Акцияларды сатып алу-сату шартына ~~әнж~~ акцияларды есептен шығаруға/есепке жатқызуға арналған Бұйрықтарға қол қойғаннан кейін ~~жне~~ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен акцияларды сатып алу-сату мәмілелері тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады.

8. Акцияларды есептен шығаруға/есепке жатқызуға арналған бұйрықтар (бұдан әрі – Бұйрықтар) Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі сатып алынған бағалы қағаздар үшін акционердің жеке шотынан Қоғам шотына акцияға меншік құқығын қайта тіркеу үшін негіз болып табылады.

9. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі кәсіби қызмет атқаратын ұйым маманы Бұйрықтарды қабылдайды немесе Қоғамның бағалы қағаздар жөніндегі қызметкері құжаттардың дұрыс толтырылуын тексеріп, оларды Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесіндегі деректермен салыстырады.

10. Бұйрықтар күн сайын Қоғам сатып алатын акцияларды сату өтінімдерін қабылдаудың барлық мерзімі ішінде қабылданады.

11. Акцияларды сатып алу-сату шартында міндеттүрде сатып алынатын акциялардың ақысын төлеуге қолма-қол жасалмайтын ақшаны аудару үшін акционердің (заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның) банктік деректемелері туралы мәліметтер не акционерлер сатып алынатын акциялардың ақысын қолма -қол ақшамен ала алатын орын туралы мәліметтер (жеке тұлға-акционерлер үшін), тұрғылықты жерінің дәл мекенжайы және байланыс телефоны болуы тиіс.

12. Акционермен акцияларды сатып алу бойынша ~~үшкілікті~~ есеп айырысу Акцияларды сатып алу-сату шартында белгіленген тәртіппен жасалады.

13. Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің келісімімен сатып алынатын акцияларды ақшадан басқа Қоғамның өзге мүлкімен төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

14. Осы Әдістеменің 2-тарауы тармағының қолданылуы осы Әдістеменің 3 және 4-тарауларына таралады.

3-тарау. ҚОҒАМНЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қоғам Жарғысымен басқаша белгіленбесе, Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі негізінде акционерді келісімімен өз бастамасы бойынша өзі орналастырған акцияларды сатып алуға құқылы.

2. Қоғам келесі жағдайларда орналастырылған акцияларын сатып алуға құқықсыз:

- акционерлердің бірінші жиналысы өткізілгенге дейін;
- құрылтайшылар арасында акцияларды орналастыру нәтижелері туралы алғашқы есеп бекітілгенге дейін;
- акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының мөлшері заңмен белгіленген ең төменгі жарғылық капиталдың мөлшерінен азайып кететін болса;
- акцияларды сатып алу кезінде Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе осы белгілерде сатып алу талап тілген немесе ұсынылған акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болатын болса;
- Сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса.

Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі

1. Қоғамның бастамасымен орналастырылған акцияларын Қоғамның сатып алу бағасы алғашқы орналастырылған құрылтайшы төлеген номиналды құнына тең.

4-тарау. АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАБЫ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

1. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаса, Қоғам акционері ірі мәміле жасау немесе жарғыға немесе Қоғам акцияларының шығарылым проспектіне өзіне тиесілі акциялар бойынша құқықтарын шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешіммен келіспесе, егер акционер акционерлердің осы жалпы жиналысына қатысса және шешімге қарсы дауыс берсе ғана өзіне тиесілі акцияларын сатып алуды талап етуге құқылы.

2. Осы Тараудың 2-тармағында көрсетілген негіздер болғанда, акционер акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі аталған шешімді қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде Қоғамға жазбаша өтінішті жіберу арқылы өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қоюға құқылы.

3. Қоғам аталған өтінішті алған күннен бастап отыз күн ішінде акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.

4. Қоғамның акцияларды сатып алуы осы Әдістеменің 2-тарауында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

**«БАСТ» акционерлік қоғамының
Таза кірісін бөлу тәртібі**

1. Өткен қаржы жылы ішіндегі Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында анықталады.
2. Қоғамның таза кірісі (салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғам өкімдігінде қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталған тәртіпте, соның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған басқа мақсаттарға бағытталады.
3. Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу мақсатсыздығы туралы шешім қабылдауға құқылы.

Уәкілетті тұлға
МО



Бас бухгалтер

Асаинов М.К.

Кубланова К.М.

Прошито и пронумеровано на 325 стр.

Уполномоченное лицо Асаинов М.К.

Асаинов

Главный бухгалтер

Кубланова К.М.



«Қазақстан Республикасы Ұлттық
Қаржы қорығын жоспарлау үйімен»
Бақылау мен қадағалау комитеті

ТІРКЕДІ

2014 ж. «30» қазыра

